

«Мемлекеттік аннуитеттік
компания» ӨСК» АҚ

MEMLEKETTİK
ANNUITETTİK KOMPANIA



ГОСУДАРСТВЕННАЯ
АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ

АО «КСЖ «Государственная
аннуитетная компания»



БЕКІТІЛГЕН

**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы»
өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ
Директорлар кеңесінің
2025 жылғы «18» қыркүйектің №16 шешімі**

**«Мемлекеттік аннуитеттік компаниясы» өмірді сақтандыру
компаниясы» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережесіне
өзгерістер**

Ереже МАК 815

Басылым: төртінші

Астана қ., 2025 ж.

 MEMLEKETTİK ANNUITETTİK KOMPANIYA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 ж. «18» қыркүйек	Басылым: төртінші
	«МАК» ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	Страница 2 из 5

«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар

1. «Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның (бұдан әрі – Қоғам) 2018 жылғы 29 желтоқсандағы №55 Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген «Мемлекеттік аннуитеттік компания «Өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ-ның Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Ереженің бүкіл мәтіні бойынша:

«Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаменті» деген сөздер «Андеррайтинг департаменті» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Маркетинг және корпоративтік сату департаменті» деген сөздер «Корпоративтік сату департаменті» деген сөздермен ауыстырылсын;

«Андеррайтинг және қайта сақтандыру департаментінің қайта сақтандыру қызметі» деген сөздер «Қайта сақтандыру қызметі» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Ереженің 1-бөлімінің 1.3-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1.3. Қоғамның Директорлар кеңесі Кеңестің жұмысын Кеңестің жылдық есебі негізінде және осы Ереженің 8-бөлімінде көзделген Кеңес қызметін бағалау критерийлерінің белгіленген жүйесіне сәйкес жыл сайын бағалайды.»;

3) Ереженің 3-бөлімінің 3.2-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) Қоғамның Директорлар кеңесі белгілеген жауапкершілік лимиттері шегінде сақтандыру шартын жасасу туралы андеррайтингтік шешім қабылдау.

Басқарма деңгейінде сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешім қабылдау Андеррайтинг кеңесінде алдын ала қаралуға жатады.

Директорлар кеңесі деңгейінде сақтандыру (қайта сақтандыру) мәмілелері бойынша андеррайтингтік шешім қабылдау Андеррайтинг кеңесінде, Басқармада алдын ала қаралуға жатады.»;

4) Ереженің 5-бөлімінің 5.1-тармағының 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) қаралатын мәселелердің тізбесі және олардың толық сипаттамасы.»;

5) Ереженің 8-бөлімі мынадай редакцияда жазылсын:

«8. Кеңестің қызметін бағалау

8.1. Кеңестің қызметін бағалауды Қоғамның Директорлар кеңесі есепті кезеңнің қорытындылары бойынша ұсынылған Кеңестің қызметі туралы есептің негізінде және осы бағалау критерийлерінің жүйесіне сәйкес жыл сайын жүзеге асырады.

Бағалаудың мақсаты – Кеңес қабылдайтын шешімдердің тиімділігін, нәтижелілігін және сапасын, олардың ішкі құжаттарға және Қоғамның

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 ж. «18» қыркүйек	Басылым: төртінші
	«МАК» ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	Страница 3 из 5

стратегиялық мақсаттарына сәйкестігін объективті әрі жүйелі түрде тексеруді қамтамасыз ету.

8.2. Кеңес қызметін бағалау критерийлері:»

№	Критерий	Түсіндірме	Критерийдің салмағы
1	Кеңестің шешімдерді уақтылы қабылдауы	Мәселелерді қарау және Кеңестің шешімдер қабылдау мерзімдерінің сақталуы	20%
2	Заңнама нормалары мен Қоғамның ішкі нормативтік құжаттарының сақталуы	Қабылданған шешімдердің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ішкі нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкестігі	20%
3	Директорлар кеңесі белгілеген лимиттер шегінде андеррайтингтік шешімдер қабылдау, сақтандыруға қабылданатын объекті мен тәуекелдер бойынша барабар сақтандыру тарифін қамтамасыз ету	Директорлар кеңесі белгілеген лимиттердің сақталуы; Сақтандыру шартын жасасуға қатысатын Қоғамның құрылымдық бөлімшелерінің қорытындылар дайындауы; Қабылданған андеррайтингтік шешімдерге талдау жүргізу	20%
4	Қабылданған тәуекелдердің барабар бағалануын бақылау	Есепті күндегі қолданыстағы сақтандыру шарттары бойынша шығыстар көрсеткішінің 100%-дан аспауын бақылау	20%
5	Кеңес мүшелерінің белсенділігі мен қатысуы	Отырыстарға қатысуы, талқылауларға қатысуы, дәлелді ұстанымдары мен ұсыныстарының болуы	10%
6	Кеңес отырыстарының хаттамаларын уақтылы келісу	Хаттамаларды келісу мерзімдерінің сақталуы	10%
	Барлығы		100%

 MEMLEKETTİK ANNUITETTİK KOMPANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтаңдыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 ж. «18» қыркүйек	Басылым: төртінші
	«МАК» ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	Страница 4 из 5

8.3. Әрбір критерий бойынша бағалау шкаласы:

Балдар	Түсіндірмесі
0	Орындалмаған / қанағаттанарлықсыз
1	Ішінара орындалған / бұзушылықтармен
2	Негізінен орындалған / жол берілетін ауытқулар бар
3	Толық орындалған / ауытқуларсыз

8.4. Кеңес қызметін бағалау деңгейлері:

Балдардың қорытынды сомасы	Бағалау деңгейі
3,0 – 2,5 балл	Өте жақсы
2,49 – 1,5 балл	Жақсы
1,49 – 1,0 балл	Қанағаттанарлық
1,0 балдан төмен	Қанағаттанарлықсыз

Әрбір критерийдің салмақтық коэффициенті тиісті орындау баллына көбейтіледі, содан кейін қорытынды балл мен бағалау деңгейін айқындау мақсатында алынған нәтижелер қосылады.

8.5. Бағалау нәтижелері Кеңестің хаттамасымен ресімделеді және қарау және тиісті шешім қабылдау үшін Қоғамның Директорлар кеңесіне ұсынылады.

Бағалау нәтижесі қанағаттанарлықсыз болған жағдайда, Директорлар кеңесі:

- Андеррайтинг кеңесінің құрамын қайта қарау;
- шешімдер қабылдау тәсілдерін жетілдіру;
- Қоғамның андеррайтинг саясатын қайта қарау мәселелерін бастамашылық етуге құқылы.

2. Осы өзгерістер мен толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

 MEMLEKETTIK ANNUITETTIK KOMPAANIA ГОСУДАРСТВЕННАЯ АННУИТЕТНАЯ КОМПАНИЯ	«Мемлекеттік аннуитеттік компания» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ	Күні: 2025 ж. «18» қыркүйек	Басылым: төртінші
	«МАК» ӨСК» АҚ Андеррайтинг кеңесі туралы ережеге өзгерістер мен толықтырулар	Ереже МАК 815	Страница 5 из 5

Келісу кестесі

Көшірмесі	Коды	Басылымы	Әзірлеу үшін жауапты	
	Ереже МАК 815	төртінші	А. Кульманова	
			күні	қолы
				ЭЦҚ

Нормативтік мерзім	Келісуге келіп түскен күні	Т.А.Ө.	Келісу нәтижесі			
			Ескертулермен қайтарылды		Келісілді	
			күні	қолы	күні	қолы
3 күн		А. Кененбаева				ЭЦҚ
3 күн		А. Нургалиев				ЭЦҚ
3 күн		Г. Баймуратова				ЭЦҚ
3 күн		Ж. Абуова				ЭЦҚ
3 күн		Б. Мырзахмет				ЭЦҚ
3 күн		Ж. Ерекеев				ЭЦҚ
3 күн		Е. Сагишев				ЭЦҚ
3 күн		Л. Абдығалиева				ЭЦҚ
3 күн		Э. Абдрашева				ЭЦҚ